



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШЕТЕЛ ЭЛЕМЕНТІМЕН КҮРДЕЛЕНДІРІЛГЕН ЗАҢДЫ  
ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

**Сақи Қымбат Бердібекқызы**

[kymbat\\_98.kz@mail.ru](mailto:kymbat_98.kz@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-31 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б.

**Аңдатпа.** Мақалада шетел элементі бар Қазақстандағы заңды тұлғалардың құқықтық мәртебесі талданып түсіндіріледі. Заңды тұлға ұғымына жалпы түсініктеме берілді.

**Аннотация.** В статье разъясняется правовой статус юридических лиц в Казахстане с иностранными элементами. И дает общее объяснение понятию юридического лица.

**Түйін сөз.** Заңды тұлға, субъект, жеке тұлға, меншік, Азаматтық құқық, ратификация, мүлік, құрылтайшы.

Ең бірінші заңды тұлға дегеніміз не екенін анықтайтын болсақ, ол адамның кез-келген жиынтығы емес, ұйымдық бірлігімен бөлшектенетін, яғни мақсаттарымен міндетпе, құқықтары айқын көрсетілген өз жарғысы және ережесі бор ұйымдық бірлік болып табылады. Құқықтар мен міндеттердің иесі бола білу, азаматтық айналымда құқықтың дербес субъектісі ретінде қатысу, біз жоғарыда айтқанымыздай, жеке тұлғаға ғана емес, заңды тұлғаларға да тән. Азаматтық кодекстің 33- бабында оған мынадай тұжырым берілген: «Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүіеге асыра алатын ұйым заңды тұлға деп таңылады. Заңды тұлғаның дербес балансы немесе сметасы болуға тиіс. Заңды тұлғаның өз атауы жазылған мөрі болады» .

Азаматтық құқық ғылымы заңды тұлғаны мынандай белгілері бойынша айқындайды:

1. ұйымдасқандық бірлігі;
2. мүліктік оқшаулығы;
3. Дербес мүліктік жауапкершілігі;
4. Азаматтық айналымға өз атынан қатынасуы.

Әрбір заңды тұлғаның ұйымдасқан бірлігі оның өзіне тән қасиеті болғандықтан заңның өзі ұйымдарды бөліп қарайды. Ұйымдасқан бірлігі заңды тұлғаның ішкі құрылымнан көрінеді, сол арқылы қызмет аясы айқындалады. Заңды тұлғалар өз қызметтерін, егер заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, жарғы немесе құрылтай шарты негізінде жүзеге асырады[1].

Қазіргі таңда Қазақстанның экономикалық жағдайы, басқа дамығын шетел мемлекеттерімен салыстырғанда асып түспесе, кем түспейді. Экономиканың дамуына бір шетінен ықпал етіп отырған, еліміздегі ірі компаниялар, серіктестіктер десе де болады. Мемлекетіміздің саясатын қолдап, экономиканың, халықтың әл ауқатын жақсартуға, импортпен экспорттың дамуына ат салысып жүрген заңды тұлғалар саны бір шама.

Бүгінгі күні елімізде жеке кәсіпкерліктің дамуына елбасымыздың қолдауымен көптеген жеңілдіктер, бағдарламалар жарық көруде. Яғни жеке кәсіпкерліктің жарғылық капиталында шетел азаматтары немесе заңды тұлғалары қатысуына көп мүмкіншілік туындаған. Олардың кәсіпкерлігін заңдастыру, атап айтқанда мемлекеттік тіркелуі немесе мемлекеттік қайта тіркелуі үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талаптарды орындауы қажет. Яғни, орта және ірі кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде өтінішке құрылтайшы немесе құрылтайшылардың біреуі не шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе мемлекеттік органдар не Ұлттық Банк жалғыз құрылтайшы не құрылтайшылардың бірі болып табылатын

жағдайларда, құрылтайшының уәкілеттік берген адамы қол қою және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда нотариаттық тәртіппен куәландырылған құрылтай құжаттарын қоса отырып, оны тіркеуші органға беруі[2].

Шетелдік қатысатын орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, қосымша: құрылтайшы – шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге сауда тізілімінің заңдастырылған үзінді көшірмесі немесе басқа да заңдастырылған құжат, нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге шетелдік құрылтайшының паспортының көшірмесі немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжат ұсынылуға тиіс.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі «Халықтың көші-қоны туралы» Заңының 40-бабында Бизнес-көшіп келушілердің Қазақстан Республикасының аумағында болу және олардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру шарттары белгіленген. Яғни, Бизнес-көшіп келушілердің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының аумағында болуының міндетті шарты болып табылады. Бизнес-көшіп келуші Қазақстан Республикасының аумағына келген күнінен бастап екі ай мерзім ішінде:

1) Қазақстан Республикасында коммерциялық ұйымды тіркеуге немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асырушы коммерциялық ұйымдар қатысушыларының (акционерлерінің) құрамына енуге;

2) заңды тұлғаны тіркеу кезінде оның жарғылық капиталын қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен мөлшерден кем емес ақша сомасын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіне енгізуге міндетті.

Бизнес-көшіп келушілер осы бапта белгіленген міндеттерді орындамаған жағдайда ішкі істер органдары жергілікті атқарушы органдардың қолдау хаты негізінде бизнес-көшіп келушілердің болу мерзімін олардың ерікті түрде кетуіне қажетті мерзімге қысқарту туралы шешім қабылдайды. Бизнес-көшіп келуші ретінде келуге виза алмаған шетелдіктердің заңды тұлға құруына, сондай-ақ заңды тұлға қатысушыларының құрамына кіру арқылы коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуына тыйым салынады. Келушінің Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру үшін жабдықтар әкелуі Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалатын шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады. Олар Қазақстан Республикасының шетелдіктердің баруына ашық аумақтары бойынша еркін жүріп-тұра алады және Қазақстан Республикасының заңнамасына белгіленген тәртіпке сәйкес тұрғылықты жерін таңдай алады.

Қазақстан Республикасының «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңының 6 бабымен шетел қатысуымен құрылатын заңды тұлғалар үшін, келесі талаптар қаралған: Шетелдік қатысатын орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, қосымша:

құрылтайшы - шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге сауда тізілімінің заңдастырылған үзінді көшірмесі немесе басқа да заңдастырылған құжат;

нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге шетелдік құрылтайшының паспортының көшірмесі немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжат ұсынылуға тиіс[3].

Кейбір заңды тұлғалардың қызметі, жекелеген тұлға ретінде конституциялық құқықтар мен бостандықтарына, жалпы мемлекеттік және қоғамдық мүдделерге қайшы келуі мүмкін.

Қазақстан секілді басқа елдерде де әртүрлі саясидіни, экстримистік, террористік, қылмыстық ұйымдар бар. Олар коммерциялық және коммерциялық емес заңды ұйымдарды құру арқылы адамдарға, азаматтарға, мемлекеттің құқықтық тәртібіне және заңына үлкен зиян келтіріп отыр. Аталған қылмыспен күресу үшін, заңгер-ғалымдардың алдында жаңа тиімді қылмыстық-құқықтық әдіс ойлап шығару немесе ескіні толықтыру мәселесі тұр. Заңды тұлғаларды пайдалану арқылы ұйымдасқан қылмыстық топтар саны өсіп келеді және ол мемлекет үшін күрделі зиян келтіреді. Жоғарыда аталған жайттар тұрғысында дүниежүзілік қауымдастықтағы әртүрлі елдерде және дүниежүзілік заңнама жүйелерінде заңды тұлғаларға байланысты қылмыстық жауапкершілікті тағайындау қажеттілігі жөнінде сөз қозғалып жүр[4].

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселесі ұйымдасқан қылмыстық топқа қарсы әрекетпен тығыз байланысты. Жалпы, қылмысты ұйымдастыру – қоғам өмірінің маңызды факторлары мен экономикаға әсер етуге бағытталған сыртқы және ішкі әртүрлі сипаттағы байланыстар мен өзінің иерархиялық құрылымымен ерекшеленеді.

Көлеңкелі бизнес соңғы жылдары мемлекеттік билік жүйесінің кемшіліктерін пайдалану арқылы заңдастырылып, жеке комерциялық құрылымдар арқылы мемлекеттің экономикасына зиян келтіреді.

Сот-сараптама тәжірибесін талдау нәтижесінде заңды тұлғалардың құрылымы, қылмыскерлердің қолында, қылмыстық жолмен табылған ақша қаражаттарын заңдастыруда кеңінен пайдаланатын аса тиімді құрал болып отыр. Экономика саласында қылмыстандыру үрдісі әрекет етіп отыр. АҚШ, Франция, Англия және т.б елдердің тәжірибесі қылмысқа қатысты жаңа тиімді механизмдерді қылмыстық заңнамаға енгізудің қажеттілігін көрсетеді және Қазақстанның әрі қарай дамуы үшін заңды тұлғаларға байланысты қылмыстық жауапкершілікті тағайындаудың маңызын аса зор[5].

Қазақстанда заңды тұлғалар санының көбейіп жеке меншікке ие болып, ел экономикасында, қоғамда беделінің артуы - беделін заңға қайшы қылмыстар істеуге пайдалануы, заңды тұлғалардың қызметіне аса үлкен қадағалаумен қарау қажеттілігін арттырады. Заңды тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселелерінің алдында бірталай қиыншылықтар туғызады. Себебі, Қазақстан қоғамының бір бөлігі бұл жағдайдың қажеттілігін толық түсіне қойған жоқ. Қолданыстағы заңнамаға корпоративті қылмыстық жауапкершілікті енгізудің қажеттілігіне байланысты, ғалымдардың арасында жақтаушылар да қарсы келушілер де табылып жүр. Одан бөлек, айтылып отырған институтты іске асыру барысында қылмыс құрамының қай бөлігі өзгеретінін анықтап алу қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қаржы-экономика сөздігі. - Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, «Зияткер» ЖШС, 2007.
2. «Қазақ Энциклопедиясы», 4 том 3 бөлім
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. 27 желтоқсан 1994 жыл.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл.
5. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. – Алматы: Жеті жарғы, 2000.